

«Балалар эндокринологиясы» блогы 4 курс ЖМ

1. Төменде көрсетілген ішкі секреция бездердің бірі инсулин өндіреді:

- А) сілекей бездері
- +Б) ұйқы безі
- В) айырша безі
- Г) қалқанша безі
- Д) қалқанша маңы безі

2. Балалардағы 1 типті қант диабет кезіндегі Диабетикалық триада белгілерін көрсетіңіз:

- +А) шөлдеу, полиурия, арықтау
- Б) ауыздың кебуі, полиурия, семіру
- В) шөлдеу, полиурия, жайсыздану
- Г) арықтау, полифагия, іштің ауру сезімі
- Д) іш өту, іш кебу, арықтау

3. Инсулин тапшылық кезіндегі клиникалық белгілерге жатпайды:

- А) сусыздану
- Б) бауырдың ұлғаюы
- В) тахикардия
- Г) енгігу
- +Д) тершендік

4. Инсулинді артық мөлшерде енгізгендегі клиникалық белгісіне жатпайды:

- А) Гиперфагия
- Б) Әлсіздік
- В) Тершендік
- Г) Бас ауру
- +Д) Гипертермия

5. Төменде көрсетілгендердің ішінде гипогликемияның бір белгісін көрсетіңіз:

- +А) тартылулар
- Б) гипотония
- В) гипорефлексия
- Г) гипотермия
- Д) терінің құрғауы

6. Қант диабетінің асқынуларына жатпайды:

- А) диабетикалық нефропатия
- Б) перифериялық нейропатия
- В) микроангиопатия
- Г) диабетикалық ретинопатия
- +Д) іркілісті кардиомиопатия

7. Әлемде қант диабетімен сырқаттанады:

- А) тұрғындардың 0,5-0,6 %
- +Б) тұрғындардың 5-6 %
- В) тұрғындардың 15-16 %
- Г) тұрғындардың 25-26 %
- Д) тұрғындардың 35-36 %

8. Төменде көрсетілген заттардың бірі инсулин секрециясының негізгі стимуляторы болып табылады:

- А) кальций
- Б) ацетон
- В) натрий
- Г) калий
- +Д) глюкоза

9. Инсулиннің негізгі физиологиялық әсеріне қанда төменде көрсетілген заттардың бірін төмендету қабілеті жатады:

- А) холестерин
- Б) ацетон
- В) натрий
- Г) калий
- +Д) глюкоза

10. Инсулиннің физиологиялық антагонисті болып табылады:

- А) лептин
- Б) кортизол
- +В) глюкагон
- Г) соматостатин
- Д) паратгормон

11. Алғашқы зәрден глюкозурия пайда болуы үшін глюкозаның реабсорбция межесі болып төменде көрсетілген гликемия деңгейлерінің бірі болады (ммоль/л):

- А) 2-3
- Б) 5-6
- +В) 9-10
- Г) 15-16
- Д) 19-20

12. Қантты диабеттің емінде мынаның алдын алудың қажеті жоқ:

- А) глюкозурияның
- Б) ацетонурияның
- В) гипергликемияның
- Г) микроальбуминурияның

+Д) изогипостенурияның

13. қантты диабеттің компенсация критерийлеріне жатпайды:

- А) гликогемоглобин 7 % төмен
- Б) гликемия ашқарынға 5,0-7,2 ммоль/л
- В) астан кейін 2 сағаттан кейінгі гликемия 10 ммоль/л төмен
- Г) артериалды қан қысымы 130/80 мм с.б.б.төмен
- +Д) төмен тығыздықты липопротеиндер 2,6 ммоль/л аса

14. Инсулин тағайындаудың абсолютті көрсеткіші болып табылады:

- А) Предиабет
- +Б) 1 типті қантты диабет
- В) 2 типті қантты диабет
- Г) Гестациалы қантты диабет
- Д) Басқа типті қантты диабет

15. Ультракысқа инсулин әсерінің ұзақтығы (сағатпен):

- А) 0,5-1
- +Б) 3-4
- В) 6-8
- Г) 10-12
- Д) 18-20

16. Қысқа инсулин әсерінің ұзақтығы (сағатпен):

- А) 0,5-1
- Б) 3-4
- +В) 6-8
- Г) 10-12
- Д) 18-20

17. Ұзақ әсерлі инсулин (гларгин, детемир) әсерінің ұзақтығы (сағатпен):

- А) 10
- Б) 12
- В) 16
- Г) 20
- +Д) 24

18. Ұзақ әсерлі пиксіз (шыңсыз) инсулин (гларгин, детемир) тағайындалады:

- А) Үш күнде 1 рет

- Б) Екі күнде 1 рет
- +В) Күніне 1 рет
- Г) Күніне 2 рет
- Д) Күніне 3 рет

19. Балалардағы 1 типті қантты диабеттің симптомдар кешеніне жатпайды:

- А) полидипсия
- Б) полиурия
- В) терінің қышуы
- Г) арықтау
- +Д) тырысулар

20. Қант диабетімен ауыратын баладағы таңертеңгі гипергликемияның себебі инсулин мөлшерінің мына уақытта жеткіліксіздігі нәтижесінде болуы мүмкін:

- +А) ұйқы алдындағы пролонгирленген инсулин
- Б) таңғы ас алдындағы қысқа инсулин
- В) түскі ас алдындағы қысқа инсулин
- Г) кешкі ас алдындағы қысқа инсулин
- Д) ұйықтар алдында қысқа инсулинді шаншу

21. қант диабетінің 1 типімен ауыратын баланың рационндағы 65 % тәуліктік калоражды құрайтын өнімдерге төмендегі көрсетілген компоненттердің біреуі сәйкес келуі керек:

- А) өсімдік және жануарлар майы
- Б) өсімдік текті ақуыздар
- В) жануар текті ақуыздар
- Г) жеңіл сіңірілетін көмірсулар
- +Д) баяу сіңірілетін көмірсулар

22. қант диабетінің 2 типінің негізгі патогенезін көрсетіңіз:

- А) ішекте глюкоза сіңірілуінің жоғарлауы
- Б) абсолютті инсулинді жеткіліксіздік
- +В) инсулиндірезистенттілік
- Г) контринсулярлы гормонның жоғарлауы
- Д) глюкозаулылығы

23. 2 типті қантты диабеттің қауіп-қатер факторына жатпайды:

- А) висцералді семіру
- Б) жақын туысқандардағы қант диабеті
- В) аз қозғалыс
- Г) рафинирлі көмірсуларды көп қолдану
- +Д) Емдәмде клетчатканың аз болуы

24. Төменде көрсетілгендердің бірінде гипогликемиялық әсер басым:

- А) жұқпалы инфекция
- +Б) физикалық жүктеме
- В) интеркуррентті ауру
- Г) психикалық стресс
- Д) артық тамақтану

25.1 типті қант диабет кезінде «бал айы» кезеңіндегі инсулин дозасын (бірл/кг/тәу) көрсетіңіз:

- +А) 0,3-0,4
- Б) 0,5 – 0,6
- В) 0,7-0,8
- Г) 0,9-1,0
- Д) 1,0 артық

26. 1 типті қант диабетті жасөспірімдегі инсулин дозасын (бірл/кг/тәу) көрсетіңіз:

- А) 0,3-0,4
- Б) 0,5-0,6
- В) 0,7-0,8
- +Г) 1,0-1,1
- Д) 1,1 артық

27. Гликолизденген гемоглобиннің көрсеткіші төменде көрсетілген уақыт аралығындағы диабеттің метаболикалық бақылау деңгейін көрсетеді:

- А) апта
- Б) бір ай
- +В) үш ай
- Г) алты ай
- Д) бір жыл

28. Қант диабетімен ауыратын науқастың аяқ басын карағанда пульсацияның төмендеуі, терінің құрғауы мен бозаруы, іріңді некротикалық өзгерістері бар трофикалық жаралар анықталды. Табадағы өзгерістер нені көрсетеді?

- А) табанбуындарының созылмалы қабынуын
- +Б) диабетикалық табан синдромының болуын
- В) табанның дәнекер тіндерінің зақымдалуы
- Г) иммунокомплекті дамудың қабынуы
- Д) репаративті мүмкіншіліктердің бұзылысы

29. Науқаста ацетонурия анықталса, алдымен зерттеу қажет:

- +А) ашқарынға гликемияны

- Б) глюкозотолерантты тестті
- В) қандағы калийді
- Г) гликозилірлі гемоглобинді
- Д) базалды инсулин деңгейін

30. Балада қант диабетінің 1 типі кезінде кетоацидотикалық кома жағдайында натрий бикарбонатын енгізудің көрсеткіші төменде көрсетілген қандағы рН болады:

- +А) 7,0 кем
- Б) 7,1-7,3
- В) 7,4-7,6
- Г) 7,7-7,9
- Д) 7,9 артық